

**Ең дәмді
көбікті
жасаймын!**



**Индукциялық
капучинатор
КТ-710**



4787113

Біздің техникамызды пайдалану кезінде мәселелер пайда болса, дүкенге хабарласпас бұрын Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуды сұраймыз:

8-800-775-56-87

(дс-жм күндері Мәскеу уақыты бойынша 9:30 және 17:30 аралығында)

info@kitfort.ru

Біз жабдық жұмысының ерекшеліктері туралы айтып береміз және кез келген басқа сұраққа жауап береміз.

Мазмұны

Жалпы мәліметтер.....	4
Жинақ.....	4
Капучинатор құрылымы.....	5
Жұмысқа дайындау және пайдалану	5
Капучинаторды тазалау және қызмет көрсету	7
Күтім жасау және сақтау	7
Ақауларды жою	7
Техникалық сипаттамалары	8
Сақтық шаралары	9

Жалпы мәліметтер

КТ-710 капучинаторы — сүт көбігін дайындауға арналған құрылғы. Ол үш режимде жұмыс істейді: ыстық күйде көпіршіту, суық күйде көпіршіту және жылыту. Сүтті көпірту мен жылытудан басқа, капучинаторды ыстық шоколад сусынын, какаоны, тұздықтарды жылыту және араластыру үшін пайдалануға болады.

Капучинатордағы саптаманың айналуы магниттік араластырғыш ретінде іске асырылады. Бала кезіңізде қағаз парағы арқылы темірден жасалған заттарды магниттік көмегімен жылжытсаңыз, магниттік араластырғыш жұмысын түсінуіңіз мүмкін.

Мотор блогындағы платформаның астында электр қозғалтқышы арқылы магнит айналады, бұл арқылы айналатын магниттік өріс пайда болады. Осы өріс саптаманың ішіндегі магниттерге әсер етіп, саптамалар айналады. Осылайша, айналу сәті саптамаға механикалық түрде емес, магниттік өріс арқылы байланыссыз беріледі. Осылайша ыдыста өтпелі ось болмайды, сондықтан сұйықтықтың ағып кетуі мүмкін емес, араластырғыш мойынтірегін майлау қажет емес, ал саптама тұрып қалған жағдайда қозғалтқыш тоқтамайды және күйіп кетпейді. Осындай тәсілді индукциялық деп атайды.

Капучинатор жұмысты аяқтаған соң, автоматты түрде өшеді. Жинақта екі саптама бар: көпіртуші және араластырғыш. Құрылғы сұйықтықтарды 65-75 °C температураға дейін жылытады.

Алынбалы ыдыс пен саптамаларды жууға ыңғайлы.

Жинақ

1. Күюден қорғаныс қабаты бар алынбалы ыдыс — 1 дана.
2. Мотор блогы — 1 дана.
3. Қақпақ — 1 дана.
4. Көпіртуге арналған саптама — 1 дана.
5. Араластыруға арналған саптама — 1 дана.
6. Пайдалану нұсқаулығы — 1 дана.
7. Кепілдік талоны — 1 дана.
8. Коллекциялық магнит — 1 дана.*

* Міндетті емес.

Капучинатор құрылымы



Көпіртуге арналған саптама сүт көбігін алу үшін пайдаланылады.

Араластыруға арналған саптама сүтті жылыту және ыстық сусындарды (какао, ыстық шоколад) немесе тұздықтарды дайындау үшін пайдаланылады. Өнімдерді араластырмай жылытқан кезде, олар күйіп қалуы мүмкін.

Ыдысты М белгісінен жоғары және 0 белгісінен төмен толтырмаңыз.

Сұйықтық деңгейінің минималды белгісі 100 мл сұйықтыққа тең, ал максималды деңгейі — 250 мл-ге тең.


Жұмысқа дайындау және пайдалану

Бірінші рет пайдаланбас бұрын алынбалы ыдысты, қаппағы мен саптаманы жууға арналған сұйықтықпен жылы су астында жуыңыз.

Саптамаларды орнату және алып тастау

Араластыруға арналған саптама мотор блогының төменгі жағындағы арнайы шығыңқы орында орналасқан.

Қажетті саптаманы таңдап, ыдыстағы білікке орнатыңыз. Саптаманы алып тастау үшін оны жоғары қарай тартыңыз.



Саптамаларды пайдалану ұсыныстары кестеде көрсетілген.

Саптама	Режим	Алынатын өнім
Көпіртуші	Көпірту және жылыту (қызыл көмескі жарық)	Капучино мен латте-артаға арналған қою сүт көбігі
	Жылыту және араластыру (ақ жарық)	Капучиноға арналған сүт көбігі
	Жылытпай көпірту (көк жарық)	Кляссе кофесіне арналған суық көбік; көпіршітілген кілегей
Араластырғыш	Көпірту және жылыту (қызыл көмескі жарық)	Тұздықтарды, сүтті немесе какаоны ыстық күйінде араластыру
	Жылыту және араластыру (ақ жарық)	Сүтті немесе какаоны 65-75 °C температураға дейін жылыту және ыстық шоколад сусынын дайындау
	Жылытпай көпірту (көк жарық)	Сұйықтықтарды суық күйінде араластыру

Қосу және өшіру

Құрылғының желілік сымын қуат көзіне жалғаңыз. Дыбыстық сигнал ойнатылады. Капучинатор жұмысқа дайын.

Қажетті саптаманы ыдыстағы білікке орнатыңыз. Сүтті не басқа өнімді құйып, ыдысты капучинатор платформасына орналастырыңыз. Қақпағын жабыңыз. Қосу түймесін басыңыз. Түйме жыпылықтай бастайды. Түймені кезектеп басу арқылы режимді таңдаңыз. Режимдер кезеңдік түрде ауысады. Режимді таңдаудан кейін бір секунд өткен соң, түйме жыпылықтауды тоқтатады, ал құрылғы таңдалған режимде жұмысты бастайды.

Жалпы алғанда, үш режим бар.

1. Көпірту және жылыту. Түйме қызыл болып жанады. Жұмыс уақыты: 3 мин.
2. Жылыту және араластыру. Түйме ақ болып жанады. Жұмыс уақыты: 4 мин. Осы уақыт аралығында сұйықтық 70 °C-қа дейін жылынбаса, капучинатор осы температураға дейін жеткенше жұмыс істейді.
3. Жылытпай көпірту. Түйме көк болып жанады. Жұмыс уақыты: 2 мин.

Процесс аяқталған кезде, капучинатор дыбыстық сигналды береді де, автоматты түрде өшеді. Процесті ертерек аяқтау қажет болса, түймені басыңыз немесе ыдысты негізінен алып тастаңыз. Пайдаланудан кейін капучинаторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.

Кеңестер

Майлылығы 1,5 % сүт пен құрамында лактоза жоқ соядан жасалған сүт нашар көпіршітіледі. Майлылығы 2,5 % немесе 3,5 % сүтті пайдаланыңыз.

Какаоны дайындаған кезде құйылған сүтке какао ұнтағын қосыңыз, әйтпесе араластыруға арналған саптама тұрып қалуы мүмкін.

Ыстық шоколад сусынын дайындау үшін 200 мл сүтке бөліктерге бөлінген 60 г ащы шоколадты қосыңыз. Араластыруға арналған саптаманы және араластыру режимін пайдаланыңыз.

Назар аударыңыз!

Шыны-аяқты М белгісінен жоғары толтырмаңыз, әйтпесе сүт төгіледі.

Капучинаторды тазалау және қызмет көрсету

Капучинатор корпусын құрғақ не дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Мотор блогын суға немесе су ағынына салмаңыз. Саптамаларды, ыдысты және қақпақты су ағыны астында ыдыс жууға арналған сұйықтықтарды пайдаланып жууға болады. Ыдыс-аяқ жуғыш машинамен жумаңыз.

Ыдыстың ішкі жағын сабынмен немесе ыдыс-аяқ жууға арналған сұйықтықпен жуып, сумен шайыңыз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Ыдыс қабырғаларының жабыны бүлінбеуі үшін қатты жөкелерді және абразивті тазалау құралдарын пайдаланбаңыз.

Күтім жасау және сақтау

Капучинаторды балалардың қолы жетпейтін құрғақ әрі салқын жерде сақтаңыз.

Ақауларды жою

Ақау	Ықтимал себебі	Ақауды жою
Капучинатор қосылмайды, түйме индикаторы жанбайды	Розетка бүлінген	Құрылғыны дұрыс істейтін розеткаға қосыңыз
Саптама айналмайды	Ыдыс дұрыс орнатылмады	Ыдысты мотор блогының негізіне мықтап орнатыңыз
Сүт көпіртілмейді	Саптама дұрыс орнатылмады	Саптаманы білікке тығыз орнатыңыз
	Сүт мөлшері аз	Сүтті 0 белгісінен жоғары мөлшерде құйыңыз

Техникалық сипаттамалары

1. Кернеу: ~230 В, 50 Гц
2. Қуаты: 600 Вт
3. Ыдыстың жұмыс сыйымдылығы: 100-250 мл
4. Ыдыс сыйымдылығы: 730 мл
5. Ыдыс материалы: алюминий қоспасы
6. Сым ұзындығы: 0,75 м
7. Құрылғы өлшемі: 188 × 125 × 180 мм
8. Қаптама өлшемі: 165 × 165 × 225 мм
9. Таза салмағы: 0,84 кг
10. Брутто салмағы: 1,15 кг

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл

Кепілдік мерзімі: 1 жыл

Тауар сертификатталған



Өндіруші: Фошань Хоцзид Илектрикэл Иквипмэнт Лтд. 286 Хэфу Роуд, Гаомин, Фошань, Гуандун, Қытай.

Импорттаушы: «Аэро-Трейд» ЖШҚ. 197022, Санкт-Петербург қ.,
Инструментальная көшесі, 3-үй, лит. Х, 1-кеңсе.

Өндіруші ел: Қытай.

РФ аумағында шағымдар қабылдайтын өкілетті ұйым:

«Аэро-Трейд» ЖШҚ. 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная көшесі, 3-үй,
лит. Х, 1-кеңсе.

Өндірушінің жедел желісі: 8-800-775-56-87 (дс-жм Мәскеу уақыты бойынша
9:30 және 17:30 аралығында), info@kitfort.ru.

Қызмет орталықтарының мекенжайларын жедел желі операторынан немесе
kitfort.ru сайтынан білуге болады.

Арнайы жою шарттары қолданылуы керек. Қоршаған ортаға зақым келтірмеу
мақсатында осы нысанды қалыпты қалдықтардан бөлектеп, ең қауіпсіз әдіспен жою,
мысалы, қалдықтарды жоюға арналған арнайы орындарға өткізу керек.

Өндірілген ай мен жыл қаптаманың төменгі жағында көрсетілген.

Өндіруші өнімді жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өнім құрылымына,
жинағына, сондай-ақ техникалық сипаттарына өзгертулерді енгізу құқығына ие.

Сақтық шаралары

Пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларға назар аударыңыз. Нұсқаулықты әрқашан қолжетімді орында сақтаңыз.

1. Құрылғы тұрмыстық қажеттіліктерге арналған және оны пәтерлерде, саяжайларда, қонақ үй нөмірлерінде, кеңселерде және басқа да өндірістік емес және коммерциялық емес мақсаттарға пайдалануға болады.
2. Капучинаторды тек белгіленген мақсаттарға және осы нұсқаулықта көрсетілген нұсқауларға сәйкес қолданыңыз. Құрылғыны мақсаты бойынша пайдаланбау тиісті пайдалану шарттарының бұзылуы ретінде қарастырылады.
3. Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, үстінде көрсетілген қуат көзінің параметрлері пайдаланылатын қуат көзінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Ток соқпау үшін құрылғыны суға не басқа сұйықтықтарға салмаңыз.
5. Негізді қуат сымы арқылы тасымалдамаңыз. Ашаны розеткадан ажыратқан кезде, қуат сымын тартпаңыз.
6. Қуат сымы, аша немесе капучинатордың басқа бөліктері бүлінсе, құрылғыны пайдаланбаңыз. Ток соқпау үшін құрылғыны өз бетімен бөлшектемеңіз. Құрылғыны жөндеу үшін білікті маманға хабарласыңыз. Құрылғыны дұрыс жинамау құрылғыны пайдаланған кездегі ток соғу қаупін арттырады.
7. Балаларға, физикалық, сенсорлық не ойлау қабілеті шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ адамдарға капучинаторды тек осы адамдар қауіпсіздігіне жауапты адамдардың қадағалауымен немесе құрылғыны пайдалану нұсқаулары берілгеннен кейін қолдануға рұқсат беріледі. Балаларға капучинатормен ойнауға рұқсат етпеңіз.
8. Қасыңызда балалар не үй жануарлары болған кезде, капучинатор жұмысын бақылаңыз.
9. Капучинаторды сусыз немесе сүтсіз қоспаңыз. Бұл құрылғының бұзылуына себеп болуы мүмкін.
10. Жұмыс істеп тұрған капучинаторды бақылаусыз қалдырмаңыз. Құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз немесе қызмет көрсету алдында құрылғыны өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.
11. Капучинаторды қабырға мен үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта тек тұрақты тегіс бетке орнатыңыз. Капучинаторды балалар ыстық бетін абайсызда ұстай алмайтындай етіп орнатыңыз.
12. Құрылғыны қосу бұғатын ескеріңіз.
13. Капучинатордың құлауына және соғылуына жол бермеңіз.
14. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін орындарда сақтаңыз.
15. Тек өндіруші ұсынатын аксессуарлар мен құрамдастарды пайдаланыңыз. Өзге қосалқы бөлшектерді пайдалану құрылғының бұзылуына немесе жарақаттарға себеп болуы мүмкін.